

# Білім беру технологиясы

бұл алдын ала жобаланған педагогикалық мәселені шешуге бағытталған арнайы педагогтың бір бірімен байланысты әрекеттер жүйесі

Педагогикалық технология нақты нәтиже жөнінде кепілдік беретін педагогикалық әрекеттерді ғылыми тұрғыдан жобалау

Бүгінгі таңдағы жаңа технологиялар оқушылардың танымдық әрекетін және метатанымдық дағдыларын қалыптастырып, дамытуға негізделеді

Классикалық технологиялар белгілі білім мазмұның меңгеруге, оның деңгейіне сүйенеді.

Оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

# *Баланың қалыпты даму шарты*

Бірінші, ең маңызды шарт – «ми мен оның қатпарларының дұрыс, қалыпты қызметі».

Екінші шарт – «баланың дене бітімінің қалыпты дамуы, сонымен байланысты жұмыс істеу қабілетінің, жүйке үдерістерінің дұрыс сақталуы».

**Г. М. Дульнев  
пен А. Р.  
Лурияның 4  
шарты**

Үшінші шарт – «баланың сыртқы ортамен дұрыс қарымқатынасын қамтамасыз ететін, сезім мүшелерінің қалыпты сақталуы».

Төртінші шарт – балаға отбасында, балабақшада және мектепте білім берудің жүйелілігі мен реттілігі.

# *Баланың психикалық дамуындағы ауытқу заңдылықтарын, алғаш рет В. И. Лубовский тұжырымдады. Ол ауытқулы дамудың үш иерархиялық деңгейін көрсетеді*

## **Бірінші деңгей**

- дизонтогенетикалық дамудың барлық түрлеріне тән заңдылықтар жатады.
- Ақпараттарды қабылдау, қорыту, сақтау және пайдалану үдерісінің бұзылуы
- Сөйлеудің бұзылуы
- Қоршаған орта туралы мағлұматтар мен түсініктердің баяу және ұзақ уақыт қалыптасуы
- Әлеуметтік-психологиялық дезадаптация қаупі

## **Екінші деңгей**

- дизонтогенетикалық бұзылу топтарына ғана тән заңдылықтар жатады
- анализаторлық жүйелердің бұзылуы
- мидың ерте кездегі органикалық зақымдануындағы даму заңдылықтары (ақыл-ойдың кемдігі, церебральды-органикалық генезді ПДТ) жатады.

## **Үшінші деңгей**

- дизонтогенездің белгілі бір түріне ғана тән заңдылықтар жатады
- ақыл-ойдың кемдігі жағдайындағы, жалпы және тұрақты психикалық жетілмеу немесе ерте балалар аутизміндегі бұрмалана даму

# Арнайы мектептегі сөздік әдістер



# Мүмкіншілігі шектеулі балаларды эстетикалық тәрбиелеу

Эстетикалық тәрбие – оқушылардың бойында қоршаған орта, табиғаттын әдемілігі мен әсемділігін толық қабылдауын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әрекеттер жүйесі. Арнайы мектептегі эстетикалық тәрбиенің негізгі тәсілдері:



# Арнайы педагогиканың дидактикалық принциптері

## Жалпы педагогикалық

- Оқытудың жүйелілігі;
- Оқытудың ғылымилығы;
- Оқытудың тәрбиелілігі;
- Оқытудың қол жетерлілігі;
- Оқытудағы көрнекілік;
- Оқытудың саналылығы мен белсенділігі.

## Арнайы

- Педагогикалық оптимизм туралы принцип;
- Ерте жастан педагогикалық көмек көрсету принципі;
- Білім беруде әлеуметтік-бейімдеу бағыттын қамтамасыз ету принципі;
- Ойлау, сөйлеу тіл және қарым-қатынасты дамыту арнайы білім беру құралы ретінде принципі;
- Арнайы оқытудың түзету-теңестіру бағыты туралы принцип;
- Арнайы оқыту мен тәрбиелеудегі әрекет арқылы ықпал ету принципі;
- Арнайы педагогтың басшылығын қажет ету

## 26. МШТ әлеуметтік – педагогикалық көмек көрсету

**Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға әлеуметтік, медициналық, педагогикалық, түзету көмек көрсету мекемелері:**

\* Арнайы білім беру ұйымдарының үлгілері:

1. Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу түзету ұйымдары;
2. Түзету білім беру ұйымдары;
3. Кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім берудің түзету ұйымдары;
4. Арнайы білім беру ұйымдары;
5. Жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған кемтар балаларға арналған білім беру ұйымдары.

- Арнайы білім беру мекемелерінде кемтар балаларды оқыту жұмыстары, ол кәмілеттік жасқа толғанға дейін, жаппай кешенді медициналық, психологиялық, **педагогикалық және әлеуметтік** тексеру мен кәсіби диагностика жүргізу, оңалтудың жеке бағдарламасын әзірлеу, **медициналық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік қызметтер** көрсету және еңбекке баулу арқылы жүргізіледі.
- Арнайы білім беру мекемелердің қызметі келесі принциптерге негізделеді:
  - 1) кемтар балалар мен олардың отбасыларына әлеуметтік қолдау және оңалту көмегін көрсету кепілдігі;
  - 2) кемтар баласы бар отбасы мен арнайы білім беру ұйымдар мамандарының ынтымақтастарына;
  - 3) балалардың қабілеттердің шектелу дәрежесіне, жасына, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, ерте қолдау мен білім алуға қол жеткізуіне және тең құқықтылығына;
  - 4) әрбір балаға жеке тұрғыдан қолдау көрсетуді саралауға.

“Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы” Заңында кемтар балаларға білім беруді ұйымдастыру келесідей көрсетілген психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың қорытындысына және оқытудың жеке жоспарына сәйкес кемтар балалар мектепке дейінгі білімді – үш жастан бастап, бастауыш және негізгі жалпы білімді жеті-он жастан бастапалуына болады.

## 27. Арнайы білім беру жүйесінде түзету-білім беру үрдісін қамтамасыз ету

- Мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту процесінде қалыпты балаларды оқытуда пайдаланатын дәстүрлі әдістер жеткіліксіз. Сол себепте арнайы - өзгеше құрал тәсілдерді пайдалану қажеттілігі өзекті мәселе. Тарихи емдеу мен түрлі түзетуде түрлі өнер құралдарын антикалық заманнан пайдаланған туралы дәрекетер бар.
- Арнайы педагогикада шет елдік мамандар Э.Сеген, Ж. Демор, О.Декроли, ресейлік арнайы педагогтар Л.С.Выготский, А.И. Граборов, В.П. Кащенко дамуында кемістігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде өнер құралдарын пайдалану қажеттілігі туралы ойларын білдірген.

Зиятында аутқуы бар балалармен жұмыс жасауда **ән күйді** пайдалану ақыл-ойын, зейін тұрақтығын дамытуға мол мүмкіндік береді (С.М. Миловская, И.В.Евтушенко).

Зиятында аутқуы бар балаларға **көркем өнердің** әсер етуі (О.В. Гаврилушкина, И.А. Грошенко, О. В. Боровик), мектеп жасына дейінгі психикалық дамуы тежелген балаларға (Е.А. Екжанова), тірек-қимыл-қозғалысында ауытқуы бар балаларға (Г.В. Кузнецова), аутистикалық жағдайдағы балалар (О. С.Никольская) **сүрет салу** сенсорикалық дамуына, ұсақ моторикасына, сөйлеу тіліне, қарым-қатынас дамуы арқылы жүзеге асады.

Естуінде ауытқуы бар балалардың таным процестерін дамыту үшін **көркем өнердің** мүмкіндіктер ашады (М.Ю. Рау, Е.А. Сошина). **Ән тындау, ән-күй ырғақ** сабақтардың естуінде ауытқуы бар балалардың есту арқылы қабылдауын дамытады (Е.З. Яхнина).

- Қазіргі уақытта арнайы педагогикада оқыту құралдары арнайы білім беруде бекітілген принциптерге нақты сәйкес келуі талап.
- Арнайы педагог оқытуда қандай құралды пайдалану қажеттілігін оқу материалдың мазмұны, оқушылардың білім деңгейі мен даму мүмкіндіктері арқылы біледі.
- Білімді оқушыларға жеткізудің негізгі құралы мұғалімнің сөзі. Арнайы білім беру жүйесіндегі педагогтың сөйлеу тіліне ерекше талаптар қойылады.
- Арнайы білім беруде мұғалімнің сөйлеу тілінен басқа да түрлері пайдаланылады, мысалы, естуінде ауытқуы бар балаларды оқытуда қажетті дактильді сөйлеу тілі мен жест арқылы сөйлеу.

- \* Сонымен арнайы оқытудың негізгі мақсатына қол жеткізу үшін түрлі әдіс-тәсіл жүйесін пайдалану қажет.
- \* Оқыту әдістері арнайы оқытуда кешенді пайдаланады және олар нақты оқушыларға тиімді болуы мұғалімнің білік пен шеберлегіне тәуелді.



## 28. Арнайы мектептегі сыныптан тыс жұмыстар

• **Сыныптан тыс жұмысы** - бір тұтас педагогикалық үрдістің бөлегі.

• Арнайы мектептегі сыныптан тыс жұмысының ерекшелігі, ол сабақ сияқты қатал талаптармен шектелмейді. Сыныптан тыс жұмысты әр түрлі көріністе, еркін ынтамен, шығармашылық қасиеттер мен ұжым пікіріне сүйену арқылы өткізуге болады. Бұл жұмыста оқушылардың сабақта байқалмаған ерекше қабілеттері оянып, дамиды.

• сыныптан тыс жұмысын жетекші әрекет арқылы негізделген: оқу, еңбек, спорт, көркем өнерпаз т.б.

Арнайы мектептегі сыныптан тыс жұмыс келесі бағытта ұйымдасады:

отан сүйгішті тәрбиелеу

Білім беру, тәрбиелік жұмысы

көркем өнерпаз әрекет

дене шынықтыру мен сауықтыру жұмыс

үйірмелер жұмысы

Сыныптан тыс жұмысын тәрбие жұмысын ұйымдастырудың үш негізгі түрі тараған:

жалпы мектептегі

ТОПТЫҚ

жеке дара

# 29.ҚР мектеп жасына дейінгі МШБ оқыту және тәрбиелеу

Мемлекеттік мектепке дейінгі арнайы білім беру жүйесі совет одағында ХХ ғасырдың 20-30 жылдары құрыла бастаған. Біздің елімізде алғақы арнайы балабақшалар өткен ғасырдың 60-шы жылдарында ашылды.

Мектепке дейінгі арнайы білім беру мекемелердің кеңейген жүйесі:

- бөбекжай
- балабақша
- мектепке дейінгі балалар үйлері
- жалпы балабақшадағы арнайы топтар.

## Мектепке дейінгі арнайы мекемелердің қағидалары.

- арнайы мекемелерді дамуындағы жетекші бұзылуына сай іріктеп жинақтау. Соған сай келесі мектепке дейінгі мекемелердің типтері бар:
  1. есту қабілеті бұзылған (естімейтін және нашар еститін балалар)
  2. көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін амблиопиясы бар балалар)
  3. сөйлеу қабілеті бұзылған (тұтықпасы, жалпы тілінің дамымаушылығы бар балалар)
  4. зияты зақымдалған (ақыл-ойы кемтар)
  5. тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған

- арнайы балабақшалардағы топтардың жалпы балабақшаларымен салыстырғанда толықтыруының аздығы (15 балаға дейін)
- мектепке дейінгі арнайы мекемелерге қосымша олигофренопедогог, сурдопедогог, тифлопедогог, медициналық қызметкерлердің штатын енгізу
- дефектологтар мен тәрбиешілердің сабақтарын қайта бөлу, тіл дамыту сабақтарын математикалық ұғымдарды қалыптастыру сабақтарын тәрбиешілер емес, дефектологтардың жүргізуі
- сабақтарының арнайы түрлерін ұйымдастыру (есту қабілетінің қабылдауын дамытуға, көру қабілетін дамытуға, кеңістікте бағдарлау сабақтары)
- мекемелер қызметінің тегін болуы.
- Арнайы мекемелердің барлық жұмысы бір мақсатқа бағытталған отбасына дамуында ауытқуы бар баланы тәрбиелеуге көмектесу, оның потенциалды мүмкіндіктерін дамыту.
- Баланы бөбекжайға тек 2 жастан, бала-бақшаға 3 жастан ғана беруге болатын. Ерте жастағы балалар тек денсаулық сақтау ұйымының зейінінде ғана балатын және ешқашан психологиялық – педагогикалық көмек ала-алмайтын.

## 30. Арнайы мектептегі құқықтық тәрбие

- Адамның ең маңызды игілігі - жеке басының бостандығы мен құқықтыры. Бұл құқықтар мен бостандықты қорғау, әлеуметтік қолдау, оны іске асыру механизмдері конституциялық-құқықтық жарықтарда және адам құқығы туралы халықаралық құжаттарда белгіленген.
- Барлық еркіндік пен құқықтар жүйесінде ең маңыздысы білім алуға құқық. Бұл тұлғалар үшін ең қажетті негізгі құқық. Бұл құқықтан әр бала немесе жас өспірім ақыл-ойында, дене дамуындағы кемістікке сондай-ақ жыныс әлде кіші елдер өкілі болғандығына қарамастан айырыла алмайды.

Баланың білім алуға деген құқығы бірқатар халықаралық құжаттарда бекітілген, олар:

1. **“Адам құқықтары жайлы Жалпы Декларация”,**
2. **“Бала құқықтары жайлы Конвенция”** т.б. және өз еліміздегі құқықтық Заңдарда белгіленген, нақты
3. **ҚР Конституциясында және**
4. **ҚР “Білім туралы” Заңы (2007),**
5. **ҚР “Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы” Заңы (2002),**
6. **” Заңы (2002) ҚР “Бала құқықтары туралы**

- **“Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы” Заңның 4 Тарауында** Кемтар балалардың құқықтары. Олардың ата-аналарының және өзгеде заңды өкілдерінің құқықтары мен міндеттері көрсетілген.
- **15 бапта** кемтар балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдауды кепілдікті түрде тегін алуға туралы құқығын бекітті. **“Баланың құқықтары туралы Конвенцияда”** мүгедек балалардың ерекше күтімге, білім алуы мен дайындығына, әлеуметтік ортада, қоғамда толық құқылы өмір сүруіне, тәуелсіздігі мен әлеуметтік ортаға қосуды қамтамасыздандыру туралы мазмұны **23 бапта** белгіленген.

# Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқытудың міндеттері

- *1. Білім беру міндеттері*
- *2. Коррекциялық міндеттер*
- *3. Тәрбиелік міндеттер*
- *4. Тәжірибелік міндеттер*

# Әдістер

- -сөйлеу әдістерді (түсіндіру, әңгімелесу)
- - көрнекілік әдістері (көрсету, бақылау)
- - тәжірибелік (тапсырмалар, тәжірибелік іс - әрекет; сызу, өлшеу т. б.)

# • МШБ арналған математика бағдарламасының негізгі құрылу принциптері:

- 1. Әр жыл бойы жаңа білімдер көлемінің аздығы.
- 2. Үздіксіз қайталау принципі.
- 3. «Алға ұмтылу» принципі.
- 4. Оқыту барысында міндетті түрде балалардың заттық тәжірибелік іс-әрекетінде көптеген көрнекі-дидактикалық жабдықтарды қолдану.
- 5. Оқу материалының концентрикалық түрде орналасуы.

# Математиканы оқыту процесінің ұйымдастыру түрлері:

- 1. Сабақ
- 2. Экскурсия (сабақтан тыс жұмыстары)
- 3. Үй жұмысы (өзіндік жұмыс).

# • **Математика сабақтарының топтастырылуы**

- **I түрі.** Жаңа білім беру сабақтары. \
- **II түрі.** Білімдерді түзету және бекіту сабақтары («түзету» дегеніміз психикалық процестерге емес, алдыңғы тақырыпта берілген білімдерін анықтау, түзетуге қатысты).
- **III түрі.** Біліктіліктер мен дағдыларды қалыптастыру сабақтары.
- **IV түрі.** Қайталау, жалпылау сабақтары.
- **V түрі.** Бағалау тексеру сабақтары,
- **VI түрі.** Аралас сабақтар



# • **Математика сабақтарының құрам компоненттері**

- I. Ұйымдастыру кезеңі
- II. Ауызша санау кезеңі
- III. Үй жұмысын тексеру кезеңі
- IV. Жаңа материалды меңгеруіне дайындық кезеңі.
- V. Жаңа материалмен таныстыру кезеңі
- - Бекіту кезеңінң бастапқы сатысы -
- - Екінші сатылық бекіту кезеңі -
- VII. Үй тапсырманы беру.
- VIII. Баға қойылу кезеңін.
- IX. Сабақтың қорытындысын шығару кезеңі.